

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 наурыз 1993 ж. N 173

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігінің Сочи қаласында "Қазақстан" санаторий кешенін салу мен пайдалану жөнінде акционерлік қоғам құру және кешеннің құрылысын Қазақстан Республикасы құрылтайшыларының қаржысы есебінен жалғастыру туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігіне Сочи қаласындағы Краснодар Курорткеңесінің "Правда" санаторий кешені негізінде құрылған акционерлік қоғам құрылтайшыларының бірі болуға рұқсат етілсін.

300 млн. сом мөлшеріндегі алғашқы жарнаны Сочи қаласындағы "Қазақстан" санаторий кешенінің құрылысына бөлінген қаржы есебінен төлеуге рұқсат етілсін.

3. Сочи курорт ауданы аумағындағы тапсырыс берушінің және орындаушы органның функцияларын атқару Қазақстан Республикасының сауықтыру орындарын салу мен пайдалану жөніндегі аймақаралық дирекцияға жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржымині "1993 жылы Инвестиция қорының қаржысын пайдалану туралы" Республика Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 ақпандағы N 95 қаулысында көзделген 450 млн. сом мөлшеріндегі қаржыны 1993 жылдың бірінші жартысында бөлуді қамтамасыз етеді.

5. Емдеу-сауықтыру бірлестігіне 1993 жылға Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резерв қорынан бірлестікке бағынысты мекемелер үшін автокөлік алуға 100 млн. сом бөлінсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі